

## "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 480 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда № 16878 болып тіркелді.

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Бұйрықтың кіріспесі жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 31.01.2022 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектурова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Қаржы министрінің*

*міндетін атқарушы*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Республикалық бюджеттің

атқарылуын бақылау жөніндегі

*Қ. Баеділов*

есеп комитетінің Төрайымы  
\_\_\_\_\_ Н.Н. Годунова  
2018 жылғы 27 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
міндетін атқарушының  
2018 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 480 бұйрығымен  
бекітілген

## **"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты**

**Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 31.01.2022 № 100 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) " Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Стандарт, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ішкі аудит қызметін және Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарының ішкі аудит қызметін (бұдан әрі – ІАҚ) қоспағанда, штат саны шеңберінде бірінші басшының қарауы бойынша құрылатын орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, орталық мемлекеттік органдар ведомстволарының (құрылған кезде), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі ведомстволық тәуелді аумақтық органдарының жұмысының тиімділігін бағалаудың мақсаттары мен тәсілдерін, ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасын жасау тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 07.10.2024 № 672 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау жүргізудің негізгі мақсаты – ІАҚ және жеке ІАҚ мемлекеттік аудиторының жұмысының тиімділік дәрежесін айқындау, сондай-ақ ІАҚ жұмысының Қазақстан Республикасының ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкестігін бағалау, ІАҚ күшті және әлсіз тараптарын айқындау, ІАҚ жұмысын жетілдіру болып табылады

4. Осы Стандартта пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға сәйкес қолданылады.

5. ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау:

ІАҚ жүргізетін бағалау;

ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізетін бағалау (бұдан әрі – уәкілетті органның бағалауы).

Мемлекеттік орган екінші жартыжылдықта қайта ұйымдастырылған, не құрылған жағдайда, осы мемлекеттік органда құрылған Ішкі аудит қызметі бағалауға жатпайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. ІАҚ жүргізетін бағалауын және уәкілетті орган жүргізетін бағалауын жүргізген кезде сандық (бағалар, балдар, пайыздар) және сапалық көрсеткіштерді ("төмен", "ортадан төмен", "орташа", "ортадан жоғары", "жоғары") қосатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады.

## **2-тарау. Ішкі аудит қызметі басшысының ішкі аудит қызметі жұмысының тиімділігін бағалауды жүргізу тәртібі**

7. ІАҚ жүргізетін бағалауын аудиторлық іс-шара жүргізуге аудиторлық тапсырмалар (бұдан әрі – аудиторлық тапсырма) негізінде ІАҚ жұмысын мониторингілеу және ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жылдық бағалау арқылы жыл сайын ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. ІАҚ жұмысының мониторингі өзіне мынадай рәсімдерді қамтиды:

мемлекеттік аудит тобының (бұдан әрі – топ) жетекшісі және ІАҚ мемлекеттік аудиторы өз қызметін ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалау үшін ІАҚ мемлекеттік аудиторының қызметі сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі бойынша осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес сұрақтарға жауап беру жолымен бағалауды жүзеге асырады;

ІАҚ басшысы ІАҚ мемлекеттік аудиторларын оқытуға ұсыныстар қалыптастырады, ІАҚ мемлекеттік аудиторлары қызметінің мониторингін жүргізеді.

9. ІАҚ мемлекеттік аудиторлары жұмысының тиімділігін жылдық бағалауы:

1) ІАҚ мемлекеттік аудиторларының Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту және "Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 167 Жарлығымен бекітілген

Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын (бұдан әрі – Жалпы стандарттар) сақтауы;

2) ішкі мемлекеттік аудиттің рәсімдерінің "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығымен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкестігі;

3) аудиторлық тексерудің нәтижелері туралы мәліметтерді топ жетекшісіне және ІАҚ басшысына не оны ауыстыратын тұлғаға беру мәселелері бойынша жүзеге асырылады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. ІАҚ жүргізетін бағалауы мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін жыл сайынғы аудиттермен қамту (мемлекеттік аудиттің жалпы санына қарағанда ағымдағы жылғы тәуекел деңгейі жоғары мемлекеттік аудит объектілерін қамту пайызы);

2) ұсынымдарды орындау дәрежесі (ұсынымдарды орындау пайызы);

3) ІАҚ жұмысы тиімділігінің көрсеткіші (бұдан әрі – ЖТК).

11. ІАҚ ЖТК есеп 3 кезеңде жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік аудит жүргізу бойынша ІАҚ мемлекеттік аудиторы қызметінің тиімділігін бағалауды аудиторлық тапсырманы орындау нәтижелері бойынша топтың жетекшісі, ол болмаған кезде – ІАҚ басшысы осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді;

2) мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігін бағалауды аудиторлық тапсырманы орындау нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді;

3) ІАҚ мемлекеттік аудиторлары қызметінің тиімділігін бағалауды тиісті жылдың нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға осы Стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізеді.

Мынадай формула бойынша ІАҚ ЖТК есептеу:

$$\text{ЖТК} = K * 0,3 + \text{ТС} * 0,4 + \text{ҚБ} * 0,3,$$

мұнда:

K – аудиторлық тапсырмалар (аудиторлық тексерулер) жоспарын орындау көрсеткіші.

Орындалған аудиторлық тапсырмалар санының жоспарланған аудиторлық тапсырмалар санына пайыздық ара қатынасы ретінде есептеледі;

ТС – аудиторлық тапсырмалардың сапа көрсеткіші.

Аудиторлық тексерулердің нәтижелері бойынша барлық аудиторлар/топ басшыларының балл сомаларының жалпы санының осы Стандартқа 2 және 3-қосымшаларда көрсетілген баллдардың барынша ықтимал сомасына пайыздық ара қатынасы ретінде есептеледі;

ҚБ – ІАҚ мемлекеттік аудиторларының бағалау көрсеткіші.

Баллдардың орташа мәнінің баллдардың осы Стандартқа 4-қосымшада көрсетілген барынша ықтимал сомасына ара қатынасы ретінде есептеледі.

12. Өлшемшарттар бойынша ІАҚ жүргізетін бағалау үшін осы Стандартқа 5-қосымшаға сәйкес ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың балдық жүйесі белгіленеді.

13. ІАҚ бағалау бес балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады:

3 баллды қоса алғанда – тиімділігі төмен;

3,1-дан 4 баллды қоса алғанда – тиімділігі орташа;

4,1-дан 5 баллды қоса алғанда – тиімді.

Өлшемшарттардың жалпы санына өлшемшарттар бойынша ІАҚ бағалау балдарының жалпы сомасы ретінде есептеледі.

14. Бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға ЖТК талдау жүргізеді және ІАҚ жұмысын жақсарту үшін іс-шаралар әзірлейді.

15. Жыл сайынғы бағалау нәтижелері ІАҚ басшысында не оны ауыстыратын тұлғада кемінде бес жыл сақталады және қажет болғанда ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органына (бұдан әрі – уәкілетті орган) уәкілетті органның бағалауы жүргізілген кезде ұсынылады.

### **3-тарау. Уәкілетті органның ішкі аудит қызметінің жұмысына тиімділігін бағалау жүргізу тәртібі**

16. Уәкілетті орган жүргізетін бағалауы ІАҚ жұмысын талдау және тиімділігін бағалау, жұмыстың Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкестігін бағалау, сондай-ақ ІАҚ жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар беру процесін білдіреді.

17. Уәкілетті орган жүргізетін бағалау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

жыл қорытындылары бойынша камералдық тәртіппен (бұдан әрі – камералдық тәртіппен бағалау);

жыл қорытындысы бойынша камералдық тәртіппен бағалау нәтижелері негізінде жоспарлы тәртәппен бағалау (бұдан әрі – жоспарлы тәртіппен бағалау).

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **1-параграф. Камералдық тәртіппен бағалау**

18. Камералдық тәртіппен бағалау ІАҚ жүргізілетін бағалау, жүргізілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау бойынша ІАҚ жылдық есептік ақпаратын жинақтау және талдау нәтижелерінің негізінде ағымдағы режимде жүзеге асырылады.

Есептік ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын ІАҚ басшылары не оларды алмастыратын адамдар қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Камералдық тәртіппен бағалау осы Стандартқа 6-қосымшаға сәйкес ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

20. ІАҚ жұмысының тиімділігін камералдық тәртіппен бағалау олардың жұмысының белгіленген оң және теріс көрсеткіштеріне сәйкес жүргізіледі.

21. ІАҚ жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізуге жауапты құрылымдық бөлімше тиісті бағалауды шығарады:

100 балды қоса алғанда және одан жоғары – тиімді;

71 балдан 99 балды қоса алғанда – қанағаттанарлық;

70 балды қоса алғанда төмен – тиімсіз.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. ІАҚ бағыттары, өлшемшарттары және көрсеткіштері бойынша бағалауды айқындау мақсатында растаушы құжаттары бар ақпарат уәкілетті органға жыл қорытындысы бойынша келесі жылдың 7 қаңтарынан кешіктірілмей жіберіледі.

Уәкілетті орган ІАҚ-ға жыл қорытындысы бойынша ІАҚ жұмысын бағалау нәтижелерін танысу үшін келесі жылдың 17 қаңтарынан кешіктірмей жібереді.

ІАҚ бағалауға өзінің қарсылықтарын, олар болған кезде, оларды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттармен бірге уәкілетті органға жібереді.

ІАҚ жұмысын бағалауға қолда бар қарсылықтар оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде растайтын құжаттар болған кезде уәкілетті орган қарайды.

Растайтын құжаттар болмаған және олар Стандарттың осы тармағында көзделген мерзім өткеннен кейін келіп түскен кезде ІАҚ жұмысын бағалауға қарсылық қарауға жатпайды.

ІАҚ жұмысын бағалауға қарсылықтарды қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган Стандарттың осы тармағынның төртінші бөлігінде белгіленген мерзімде негіздемелері бар қарсылықтарды қабылдау немесе қабылдамау туралы жауап жібереді.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

23. Уәкілетті орган әрбір критерий мен бағалау көрсеткіштері бойынша жасалған түсіндірме жазбаны қоса алғанда, растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалауды және есептік ақпаратқа жүргізілген талдауды ескере отырып, ақпаратты жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасына келесі жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей жібереді.

Уәкілетті орган бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу кезінде камералдық тәртіпте бағалау нәтижелерін жоспарлы тәртіппен ескереді.

Уәкілетті органның есептік ақпаратын талдау мыналарды қамтиды:

1) осы Стандартқа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған ІАҚ жұмысын бағалаудың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша бағалаудың салыстырма кестесі;

2) ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың барлық бағыттары бойынша жинақталған ақпарат;

3) камералдық тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша ІАҚ рейтингі.

ІАҚ тиімді жұмысы және соңғы екі жылда ІАҚ жұмысын бағалау рейтингінде оның бірінші позицияны иелену кезінде, лауазымды адамға (органға) осы мемлекеттік ұйымның ІАҚ бірінші басшысын көтермелеу туралы ұсыным жіберіледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Жоспарлы тәртіппен бағалау**

24. Жоспарлы тәртіппен бағалау Нысананы тексеру тәсілімен жүзеге асырылады:

1) осы Стандарттың бағыттары мен өлшемшарттары бойынша уәкілетті органға ІАҚ ұсынатын ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы;

2) ІАҚ Заңның 8-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бекітілген жалпы стандарттардың, сондай-ақ мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың жалпы және рәсімдік стандарттарына сәйкес қабылданатын актілердің талаптарын сақтауы пәніне тексеру тәсілімен жүзеге асырылады.

25. Уәкілетті орган осы Стандартқа 8-қосымшаға сәйкес уәкілетті органның бағалау жүргізу кезеңдері бойынша жоспарлы тәртіппен бағалауды жүзеге асырады.

26. Уәкілетті орган жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізуі осы Стандартқа 9-қосымшаға сәйкес ІАҚ-ның тәуекелге бағдарланған іріктеу моделіне сүйене отырып, сондай-ақ осындай бағалауды жүргізу мерзімділігі мен оларды өткізу мерзімдерін ескере отырып, тәуекелдерді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

27. Уәкілетті органды жоспарлы тәртіппен бағалау екі жылда бір реттен жиі емес, бірақ бес жылда кемінде бір рет жүзеге асырылады.

28. Бағалауды жүргізуге дайындық кезеңінде уәкілетті орган жоспарлы тәртіппен: нәтижелері бойынша бағалау жоспарланған тәуекелдерді талдау; алдыңғы кезеңдерде жүргізілген ІАҚ бағалауы нәтижелерін талдау;

алдыңғы кезеңдерде жүргізілген уәкілетті органның бағалау нәтижелерін талдау; уәкілетті органға берілген ІАҚ тоқсандық және (немесе) жылдық есептерін талдау жүзеге асырылады.

29. Бағалауды жоспарлы тәртіппен жүргізу алдында уәкілетті орган осы Стандартқа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу туралы бағдарламаны екі данада жасайды, оны уәкілетті органның басшысы бекітеді.

Бағалау жүргізу кезеңінде жоспарлы тәртіппен өзгерістер енгізу негіздерін көрсете отырып, мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты адамның атына жазылған қызметтік жазбасының негізінде жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу туралы бағдарламаға бір рет қана өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

30. Уәкілетті орган күрделілік дәрежесін және жүргізу мерзімдерін ескере отырып, бағалау жүргізуге тартылатын лауазымды адамдардың санын жоспарлы тәртіппен айқындайды.

31. Уәкілетті органның лауазымды адамдары бағалауды жоспарлы тәртіппен жүзеге асыру кезінде Жалпы стандарттарды және уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу кезінде алынған ақпаратқа қатысты құпиялықты, сондай-ақ осы Стандартта көзделген талаптарды сақтайды.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**32-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы министрінің 27.04.2026 № 280 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Уәкілетті орган ІАҚ құрылған мемлекеттік органды бағалау басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізілгені туралы лауазымды адамдарды, бағалаудың басталған және аяқталған күнін көрсете отырып, ақпараттық электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы (бұдан әрі – ЭҚАЖ) хабарлама жолдайды.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Жоспарлы тәртіппен бағалау басталар алдында ЭҚЖ арқылы ол басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күннен кешіктірмей уәкілетті органның жоспарлы тәртібімен бағалау жүргізу туралы бағдарлама ІАҚ құрылған мемлекеттік органның басшысына не оны алмастыратын адамға жіберіледі.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

34. Жоспарлы тәртіппен бағалау осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Жоспарлы тәртіппен бағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар Қағидалардың 95-тармағында көзделген өлшемшарттарға сәйкес ішкі мемлекеттік аудиттің кемінде үш материалына Қағидалардың 5-тарауының 1-параграфына сәйкес сапа бақылауын жүргізеді.

36. Жоспарлы тәртіппен бағалауы кешенді (барлық өлшемшарттар бойынша) жүргізіледі.

37. Уәкілетті органның лауазымды адамдары ІАҚ-дан жоспарлы тәртіппен бағалау жүргізу үшін қажетті барлық құжаттаманы (оның ішінде электрондық форматта) және түсіндірмелерді 5 (бес) жұмыс күні ішінде ресми сұратады.

38. Уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізудің ұзақтығы 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімді құрайды. Жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізу мерзімі уәкілетті орган басшысының шешімі бойынша 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады, ол туралы ІАҚ құрылған мемлекеттік органға жазбаша түрде хабардар етеді.

39. Жүргізілген жоспарлы тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша осы Стандартқа 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалау нәтижелері туралы есеп (бұдан әрі – есеп) жасалады.

40. Есепті жоспарлы тәртіппен бағалауды жүргізген уәкілетті органның лауазымды адамы жоспарлы тәртіппен бағалауы аяқталған күні ІАҚ құрылған мемлекеттік органның кеңсесі арқылы ІАҚ басшысына не оны ауыстыратын тұлғаға ұсынады. Есепті ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

**Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

41. ІАҚ есепке қарсылықтары (ескертулері) болмаған кезде есепке ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға қол қояды және осы Стандарттың 40-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей, ЭҚЖ арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

ІАҚ есепке қарсылықтары (ескертулері) болған кезде ІАҚ бар қарсылықтарды (ескертулерді) осы Стандарттың 40-тармағында көрсетілген мерзімді ескере отырып, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей ЭҚЖ арқылы уәкілетті органға жібереді.

**Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. ІАҚ есепке обасына қарсылықтары (ескертулері) түскен жағдайда ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын адам қарсылықтарды (ескертулерді) уәкілетті органға жібергеннен

кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның жоспарлы тәртіппен бағалау нәтижелері бойынша туындаған келіспеушіліктерді талқылау және шешу үшін уәкілетті орган өкілдерінің қатысуымен Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңестің (бұдан әрі – Кеңес) отырысын өткізуге бастамашылық жасайды.

Кеңес отырысының нәтижелері бойынша осы Стандартқа 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттама ресімделеді, ол жоспарлы тәртіппен бағалау материалдарына қоса тіркеледі.

Хаттама екі данада жасалады, оның біреуі ІАҚ құрылған мемлекеттік органда қалады. Екінші дана уәкілетті органға беріледі.

**Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

43. Есеп беттері толассыз нөмірленеді және мынадай тәртіпте ресімделеді:

ІАҚ есепке қарсылықтары (ескертулері) болмаған кезде – ІАҚ-тан қол қойылған есепті уәкілетті органға түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей;

ІАҚ есепке қарсылықтары (ескертулері) уәкілетті органға түскен жағдайда – хаттамасын уәкілетті органның бағалау материалдарына тіркей отырып, Кеңес отырысының күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей.

Уәкілетті орган есеп 2 (екі) жұмыс күні ішінде ЭҚЖ арқылы ІАҚ құрылған мемлекеттік органға жолдайды.

Есеп бағалау жүргізу функциясы жүктелген уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің есепке алу журналында хронологиялық тәртіппен тіркеледі.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

44. Есепке осы Стандартқа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ жұмысының тиімділігін бағалаудың әрбір өлшемшарты бойынша негізделген және нақты жауаптар қоса беріледі.

45. Уәкілетті орган бағалау нәтижелері бойынша жоспарлы тәртіппен ІАҚ құрылған мемлекеттік органға ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын арттыруға, анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жоюға, одан әрі қызметінде олардың алдын алуға қатысты ұсынымдар береді.

46. Уәкілетті орган ІАҚ ұсынымдарды орындау мониторингін мынадай тәсілдермен жүзеге асырады:

ІАҚ-пен тұрақты хат алмасу нысанында ұсынымдардың орындалуына талдау жүргізу;

мерзімді еске салуларды, мемлекеттік органға сұрау салуларды жіберу;

ІАҚ жою жағдайын бақылау үшін бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоспарлы/жоспардан тыс бағалауды тағайындау.

### **3-параграф. Жоспардан тыс бағалау**

47. Уәкілетті органның жоспардан тыс бағалауы мынадай мән-жайлардың бірі болған кезде уәкілетті орган басшысының не оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімі бойынша жүргізілетін жоспарлы және камералдық тәртіпте көзделмеген бағалау болып табылады:

ІАҚ басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ЭҚАЖ арқылы уәкілетті органға жіберілген жоспардан тыс бағалау жүргізу туралы жазбаша өтініш;

ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде ІАҚ қызметкерлерінің мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнаманы бұзушылықтарының болуын бекітетін фактілер қамтылған өтініш;

ІАҚ жұмысының камералдық тәртібінің немесе оның бағалауын талдаудың нәтижелері бойынша елеулі тәуекелдерді анықтау.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.12.2022 № 1346 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **4-тарау. Ішкі мемлекеттік аудит сапасын арттыру бағдарламасын жасау**

48. Халықаралық аудит стандарттарының талаптарына сәйкес ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға есепіден кейінгі қаржы жылының 1 ақпанынан кешіктірмей осы Стандартқа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ІАҚ бағалауы мен уәкілетті органның бағалауы нәтижелері ескерілетін ішкі мемлекеттік аудиттің сапасын арттыру бағдарламасын (бұдан әрі – бағдарлама) әзірлейді және бекітеді.

49. Бағдарлама:

ІАҚ жұмысының Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес болуын қамтамасыз ету;

ІАҚ жұмысының тиімді және нәтижелі жүзеге асырылу мақсатында бекітіледі.

50. Бағдарлама ішкі мемлекеттік аудит қызметінің барлық аспектілерін қамтиды және үш негізгі деңгейде:

аудиторлық тексеру деңгейінде (ішкі мемлекеттік аудит);

ІАҚ қызметінің деңгейінде;

кәсіби даму деңгейінде қолданылады.

51. Бағдарламаның орындалуын ІАҚ басшысы не оны ауыстыратын тұлға бақылайды.

52. Бағдарлама уәкілетті орган ІАҚ жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізген кезде ескеріледі.

## **Ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторы жұмысының сапасын бағалауға арналған сұрақтар тізбесі**

### Аудитті жоспарлау

1. Ішкі мемлекеттік аудит тапсырмасын орындауға тартылған аудиторлық топтың барлық мүшелері "тәуелсіздік қағидатын" сақтай ма?
2. Ішкі мемлекеттік аудит бағдарламасы қажетті ресурстармен қамтамасыз етілген бе, осы ресурстар аудиторлық тапсырамада барабар бөлінген бе және оларға тиісті мониторинг жүргізіле ме?
3. Мемлекеттік аудиторлар өздері бағалайтын процестермен таныс па?
4. Алдын ала зерделеу барысында ұйым үшін аса маңызды тәуекелдер айқындалды ма және олар аудит міндеттерінде көрсетілген бе?
5. Аудит бойынша жұмыстар көлемі аудит мақсаттарына қол жеткізуге сәйкес келе ме?
6. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудиторларға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік бере ме?

### Аудит жүргізу

1. Аудиторлық тексерудің барлық кезеңдері "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 15 шілдедегі № 392 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23540 болып тіркелген) бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тарауы 1-параграфының талаптарына сәйкес құжатталған ба?
2. Аудиторлық тапсырманы орындау процесінде қолданыстағы ішкі мемлекеттік аудит әдіснамасы қолданылды ма, тиісті аудит әдістемелері пайдаланылды ма?
3. Аудит объектісінің рәсімдері дұрыс бағаланды ма?
4. Алынған аудиторлық дәлелдер аудиторлық есептің қалыптасуын көрсету үшін жеткілікті және сенімді ме?
5. Аудит бекітілген бағдарламаға сәйкес орындала ма?
6. Аудит бағдарламасына оны жүргізу барысында өзгерістер енгізіледі ме және олар Қағидалардың 44 және 46-тармақтарының талаптарына сәйкес бекітілді ме?

### Нәтижелер туралы ақпараттандыру

1. Есеп құжат айналымы жүйесі арқылы аудит объектілеріне жіберіле ме?
2. Аудит объектілері ұсынымдармен келісті ме?
3. Анықталған бұзушылықтар себептеріне жоюға ұсынымдар жіберілді ме?

4. Аудит өз мақсатына жетті ме?

5. Аудит қорытындысы бойынша келіспеушіліктер тиісінше құжатталады ма?

6. Мемлекеттік аудиторлардың есебі дәл, объективті, қысқа, сындарлы және уақытылы ма?

7. Қағидалардың 72-тармағының талаптарына сәйкес аудиторлық есепке қол қойылды ма?

Ұсынымдардың орындалуы

1. Ұсынымдардың орындау мерзімдерінің сақталуы бақылана ма?

2. Кейіннен аудит қажеттілігі бағаланған ба?

Жалпы сұрақтар

1. Міндетті оқу бойынша талаптар сақталған ба?

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарын бекіту және "Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 788 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы" 2016 жылғы 11 қаңтардағы №167 Жарлығымен бекітілген Мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың жалпы стандарттарында белгіленген мінез-құлық нормалары сақталған ба?

Ішкі аудит қызметтері  
жұмысының тиімділігін  
бағалау" ішкі мемлекеттік  
аудиттің және қаржылық  
бақылаудың рәсімдік  
стандартына  
2-қосымша  
Нысан

### Мемлекеттік аудит жүргізу бойынша ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторы қызметінің тиімділігін бағалау

Бағалау күні:	Аудиторлық іс-шараның атауы	
Сәйкестендіру		
Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Мемлекеттік аудит тобы жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
Балдар деңгейі: өте жақсы (5), жақсы (4), қанағаттандырарлық (3), жақсарту қажет (2), қолдануға болмайды (1)		
№	Негізгі сапалар	Балл
	Аудитті ұйымдастыру	
1	Аудитті жоспарлау	
1.1	Тапсырманы толық және жан-жақты жоспарлауды қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен ақпарат көздерін дұрыс айқындау қабілеті	

1.2	Тапсырманың мақсатын дұрыс айқындау қабілеті	
1.3	Бақылаудың негізгі нүктелерін дұрыс айқындау қабілеті	
1.4	Тән тәуекелдерді дұрыс айқындау қабілеті	
1.5	Тапсырманы жоспарлау бойынша ресімделген құжаттардың сапасы	
1.6	Жұмыс уақытының дұрыс бюджетін айқындау қабілеті	
2	Аудиторлық тапсырманы жүргізу	
2.1	Тапсырманың мақсаттарына қол жеткізу	
2.2	Тапсырманың белгіленген көлемін , мерзімдері мен кезеңін сақтау	
2.3	Жұмыстағы сәйкессіздіктерді жою , оның ішінде аудиторлық есепті пысықтау уақтылығы мен сапасы	
2.4	Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі	
2.5	Дайындалған жұмыс құжаттарының толықтығы мен сапасы	
3	Кәсіби құзыреттілік	
3.1	Нормативтік құқықтық актілерді иелену	
3.2	Проблемалық мәселелер бойынша жағдайды иелену	
3.3	Проблемалы мәселелерді талқылау кезінде, сондай-ақ қорытынды жұмыстық аудиторлық құжаттарды келісу кезінде мемлекеттік аудитордың әдептілігі	
3.4	Мемлекеттік аудитордың тұжырымдарының негізділігі	
3.5	Күрделі проблемаларды елеусіз проблемалардан ажырата білу	
3.6	Проблемалық мәселелерді шешу үшін ұсыныстардың орындылығы	
3.7	Мемлекеттік аудитордың өз іс-әрекеттерін мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен келісу	
3.8	Мемлекеттік аудитордың тапсырма нәтижелері бойынша ұсынымдарының дұрыстығы және орындылығы	

3.9	Мемлекеттік аудитордың қандай да бір мәселелер бойынша күмән туындаған кезде әріптестерімен, мемлекеттік аудит тобының жетекшісімен және құзыретті тұлғалармен кеңесе білуі	
4	Кәсіби мінез-құлқы	
4.1	Жұмыс уақытын пайдалануы	
4.2	Өзін-өзі ұйымдастыру	
4.3	Аудит материалдарының жұмыс қағаздарына жазылуы	
4.4	Ауызша келіссөздер жүргізу	
4.5	Бастамашылық	
4.6	Қойылған міндеттерді орындау кезінде шығармашылық тәсіл	
4.7	Жаңа, ерекше жағдайларға тез бейімделу қабілеті	
4.8	Ұқыптылық	
4.9	Аудит объектісінің қызметін білу	
	Қорытынды баға балдарда = өлшемшарттар бойынша балдар сомасы (maximum 145) /бағалау өлшемшарттарының саны (29)	

Мемлекеттік аудит тобы басшысының бағасы (Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі болмаған жағдайда , бағалауды ішкі аудит қызметінің басшысы жүргізеді)

Негізгі күшті жақтары:

Негізгі осал жақтары:

Жұмысты жақсарту және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар:

Қажетті тренингтер/оқу:

Мемлекеттік аудитордың түсіндірмелері:

Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі 20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Қолы

ІАҚ басшысы (мемлекеттік аудит тобының жетекшісі болмаған жағдайда)

20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ Қолы

Таныстым: Мемлекеттік аудитор:  
20\_\_жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Қолы

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына  
3-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік аудит тобы басшысы қызметінің тиімділігін бағалау**

\_\_\_\_\_

Бағалау жүргізу күні:		Аудиторлық іс-шараның атауы
Сәйкестендіру		
Мемлекеттік аудит тобы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):		
Ішкі аудит қызметі басшысының не оны ауыстыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):		
Балдар деңгейі: өте жақсы (5), жақсы (4), қанағаттандырылдық (3), жақсарту қажет (2), қолдануға болмайды (1)		
№	Аудитті ұйымдастыру	Балл
1	Аудиторлық тапсырманы жоспарлау	
1.1	Тапсырманы толық және жан-жақты жоспарлауы қамтамасыз ету үшін қажетті құжаттар мен ақпарат көздерін дұрыс айқындау	
1.2	Тапсырманың мақсатын дұрыс айқындау	
1.3	Тапсырманың әдістері мен көлемін дұрыс айқындау	
1.4	Қызметті және бақылаудың негізгі нүктелерін дұрыс талдау	
1.5	Тән тәуекелдерді дұрыс талдау және бағалау	
1.6	Жұмыс уақытының бюджетін дұрыс айқындау	
2	Аудиторлық тапсырманы жүргізу	
2.1	Тапсырманы және тапсырманың мақсаттарын ережеге (аудиторлық тапсырманы орындауға қойылатына талаптарды айқындайтын басқа да құжатқа) сәйкес орындау	
2.2	Тапсырманың белгіленген көлемін , мерзімдері мен кезеңін сақтау	
2.3	Жұмыстағы сәйкессіздіктерді жою , оның ішінде аудиторлық есепті пысықтау уақтылығы мен сапасы	
2.4	Аудиторлық дәлелдемелердің жеткіліктілігі	
2.5	Дайындалған жұмыс құжаттарының толықтығы мен сапасы	
3	Жұмыс құжаттарын ресімдеу және тапсырманың материалдарын іске асыру	
3.1	Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі тұжырымдарының негізділігі	
3.2	Күрделі проблемаларды елеусіз проблемалардан ажырата білу	

3.3	Проблемалық мәселелер бойынша жағдайды иелену	
3.4	Тапсырма нәтижелері бойынша уақтылы қысқаша тұжырым (Түйіндеме) дайындау	
3.5	Тапсырманы іске асыру бойынша құжаттарды уақтылы ресімдеу	
3.6	Аудиторлық есепте, түйіндемеде көрсетілген проблемалық мәселелерді шешу бойынша ұсыныстардың орындылығы	
3.7	Тапсырма нәтижелері бойынша ұсынымдардың дұрыстығы және орындылығы	
3.8	Қорытынды баға балдарда = өлшемшарттар бойынша балдар сомасы (maximum 90) /бағалау өлшемшарттарының саны (18)	
Ішкі аудит қызметі басшысының бағасы		
Негізгі күшті жақтары:		
Негізгі осал жақтары:		
Жұмысты жақсарту және одан әрі дамыту бойынша ұсынымдар:		
Қажетті тренингтер/оқу:		
Аудиторлық тапсырма басшысының түсіндірмелері:		
Ішкі аудит қызметінің басшысы не оны ауыстыратын тұлға: 20__ жылғы " __ " _____		Таныстым: Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі 20__ жылғы " __ " _____
Қолы		Қолы

"Ішкі аудит қызметтері жұмысының тиімділігін бағалау" ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына  
4-қосымша  
Нысан

## 20\_\_ жылға ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторлары қызметінің сапасын бағалау

№	Қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің тізбесі (ҚТНК)	ҚТНК бағасының ең үлкен мөлшері	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Мемлекеттік аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
1	Мемлекеттік аудиторларды	25				

	н этикалық стандарттарды сақтауы					
1.1.	Айқындылық					
1.2	Тәуелсіздік					
1.3	Құпиялылығы					
1.4	Кәсіби құзыреттілік					
1.5	Объективтілік					
2	Орындалған жұмыстардың сапасы, уақтылығы мен нәтижелілігі, оның ішінде:					
2.1	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы жоспарлау рәсімдерін сақтауы	20				
2.1.1	Мемлекеттік аудит тобы басшысының аудиторлық тапсырма мақсаттарын дұрыс айқындауы					
2.1.2	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманың мақсаттарына қол жеткізуі					
2.1.3	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы алдын ала жоспарлау рәсімдерін сақтауы					
2.1.4	Мемлекеттік аудит тобы басшысының аудиторлық тапсырманы орындау үшін					

	ресурстардың жеткіліктілігі н айқындауы					
2.2	Аудиторлық тапсырманы орындау	15				
2.2.1	Мемлекеттік аудит тобы басшысының және мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы орындау бойынша (әдіснама бойынша) талаптарды сақтауы					
2.2.2	Аудиторлық қорытындылардың мазмұнына әсер ететін ішкі мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелерін мемлекеттік аудит тобының жетекшісі мен ішкі аудит қызметі басшысының назарына уақтылы жеткізу					
2.2.3	Мемлекеттік аудитордың аудиторлық тапсырманы орындау мерзімдерін сақтауы					
2.3	Аудиторлық есеп	15				
	Егер аудиторлық есепте елеулі					

2.3.1	ескертулер болған жағдайда мемлекеттік аудитордың ықтимал қақтығысты жағдайларға дайындық дәрежесі					
2.3.2	Мемлекеттік аудитордың өз көзқарасын қорғай білуі, табандылық және өз күшіне сенімділігі, фактілерді дереу растауға және аудит нәтижелерін тәптіштеуге дайындығы					
2.3.3	Аудиторлық есеппен нысанына белгіленген талаптарды сақтау (әдіснама бойынша)					
2.4	Аудиторлық табулар мен ұсынымдар	15				
2.4.1	Ұсынымдар беру үшін анықталған табуларды (фактілерді) растау үшін ақпараттың жеткіліктілігі, негізділігі					
2.4.2	Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін арттыру жолдары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған					

	ұсынымдардың болуы, маңыздылығы (құндылығы)					
2.4.3	Ұсынымдардың жағдайды түзету шараларына қатысты шындығында пайдалы болуы үшін анықталған табулардың (фактілердің) себептерін айқындау деңгейі					
2.5	Ұсынымдардың орындалуын мониторинг	5				
2.5.1	Ұсынымдардың орындалуына жүйелі мониторинг					
2.6	Жұмыс құжаттамасы	5				
2.6.1	Белгіленген талаптарға сәйкес жұмыс құжаттамасын жүйелеу, сақтау және пайдалану					
	ҚТНК орындау дәрежесі (балдар сомасы)	( 100				
	Таныстым (колы, күні)					

**ҚОРЫТЫНДЫ:**

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Ішкі аудит қызметінің басшысы \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қол қойылған күні) (қолы)

"Ішкі аудит қызметтері  
